



НАҚЫЛ СӨЗ

Білім – адамды бақытқа жетелейтін жалғыз жол

ХАЛЫҚ ДАНАЛЫҒЫ



ҚАЛА ӘКІМІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

Қала әкімі Нұржан Ахатовтың өкімімен қала әкімінің орынбасары лауазымына Қарымсақов Қанат Бекболатұлы тағайындалды. Шаһар басшысы жаңа орынбасарын кадрлық өзгерістерге байланысты өткен актив отырысында таныстырды.

«Қанат Бекболатұлы – сізге жауапкершілік жүгі ауыр салаларға жетекшілік ету сеніммен тапсырылып отыр. Жаңа қызметіңізге сәттілік тілеймін!», – деді қала әкімі.

Қанат Қарымсақов 1983 жылы Қызылорда қаласында дүниеге келген. Жоғары білімді. Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетін «Мұнай және газ кен орындарын игеру» мамандығы бойынша тәмамдаған. Еңбек жолын 2001 жылы «Тұран Газ» серіктестігінде жұмысшы болып бастаған.

2009-2022 жылдары «Байқоңыр газ», «Қызылорда газ» серіктестіктерінде бас директор қызметтерін атқарды.

2022 жылдан бастап «Жаңа

құрылыс-2022» серіктестігінің құрылтайшысы болған.

Қанат Бекболатұлы құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары, тұрғын үй инспекциясы бөлімдеріне жетекшілік жасайды. Сонымен қатар, актив отырысында шаһар басшысы Қызылорда қаласы әкімі аппаратының құжаттамалық қамтамасыз ету және бақылау бөлімінің бас инспекторы Сақпенбетова Жанар Қуанышбайқызының зейнет демалысына шығуына орай Қызылорда қаласының ең жоғарғы марапаты «Құрмет» грамотасын табыстады. Жанар Қуанышбайқызы Қызылорда қаласы әкімдігінде 30 жылға жуық еңбек еткен.

«ЕЛ ТІЛЕГІ» ГАЗЕТІ

еліміздің барлық өңірлеріне тарайды.

Бүгінде өзінің оқырмандары асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымдарға 2025 жылдың II жартыжылдығына жазылу науқаны жүріп жатыр.

«Ел тілегі» газетіне жеке жазылушылар үшін индекс 65007

6 айға – 2800 теңге;

БАСЫЛЫМДЫ АСЫҒА КҮТЕТІН ОҚЫРМАНДАРЫМЫЗБЕН ӘРДАЙЫМ БІРГЕМІЗ!

- Мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз, бизнесте мол табысқа қол жеткізіңіз келсе, әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз «Ел тілегі» газетіне жарнама беріңіз!
- Сонымен бірге құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса, құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

Қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар: 8(7242) 27-85-75; 8-7059827661, 8 777 752 54 63.

ИНВЕСТИЦИЯ АРТЫП, ИГІЛІК ЕСЕЛЕНДІ

Қызылорда қалалық мәслихатының кезекті XXXVIII сессиясы өтті. Сессияда 2024 жылға арналған Қызылорда қаласының, кент және ауылдық округтері бюджеттерінің атқарылуы туралы есептер бекітіліп, 2025-2027 жылдарға арналған Қызылорда қаласының бюджетіне өзгерістер енгізілді. Қала әкімі Нұржан Ахатов халық қалаулыларына шаһарда атқарылып жатқан жобаларды айтып, алдағы жоспарлармен бөлісті.

–Ел Президентінің, Үкіметтің тұрақты қолдауымен, аймақ басшысының үйлестіруімен тұрғындарымыздың өмір сүру сапасын арттыруға негізделген жұмыстар қарқынды жүргізілуде. Соған сай барлық даму көрсеткіштерінде оң динамика қалыптасты. Жыл басында бюджет көлемі 73,1 млрд. теңгемен бекітіліп, бүгінде ол 133,4 млрд. теңгеге ұлғайып отыр, – деді Нұржан Сәбитұлы.

Шаһардың заманауи бейнесінде оң өзгеріс көп. Жол-көлік инфрақұрылымын дамытуға 15,3 млрд. теңге бөлініп, 50 көшеде жөндеу және қайта жаңғырту

жұмыстары басталуда.

Әлеуметтік нысандар мен тұрғын үй салу құрылыстары, абаттандыру ісі қарқын алды. Санитарлық тазалық сақтауда жақсы үлгі қалыптасты. Жалпы, облыс орталығының серпіні барлық салаға өсім беріп отыр.

Шағын және орта бизнес саласында кәсіпкерлер саны 35 мыңнан асып, өткен жылмен салыстырғанда 5,5 пайызға өсті. Мемлекеттік қолдау аясында 4,5 млрд. теңге болатын 127 жоба қолдау алды. Биылғы жылы негізгі капиталға тартылатын инвестиция көлемі 323,7 млрд. теңге болып белгіленді. Бұл 2024 жылғы нақты



көрсеткіштен 12,2 пайызға артық.

Жыл басынан бері 84,6 млрд теңге инвестиция тартылып, жылдық жоспардың 26,1%-ы орындалды.

Сессия отырысында «2025-2027 жылдарға арналған Қызылорда қаласының бюджетін

бекіту туралы» Қызылорда қалалық мәслихатының 2024 жылғы 18 желтоқсандағы №223-32/1 шешіміне өзгерістер енгізу туралы баяндамашылардың ұсыныстары депутаттар тарапынан қолдау тапты.



XVI ОБЛЫСТЫҚ «АЛТЫН БЕЛБЕУ» БӘСЕКЕСІ БАСТАЛДЫ

Сыр өңірінде ұлттық спорттың мәртебесін айшықтайтын қазақ күресінен XVI облыстық «Алтын белбеу» жарысы өз жалауын көтерді. Биыл он алтыншы мәрте ұйымдастырылып отырған дәстүрлі додаға жеті аудан, Байқоңыр мен Қызылорда қаласынан келген 250-ден астам балуан қатысып, бозкілем төрінде өзара мықтыны анықтауда.

Жарыс ережесіне сәйкес, қатысушылар кіші жасөспірімдер, жасөспірімдер, жастар және ересектер санатында 10 салмақ дәрежесі бойынша сынға түсуде. Дүбірлі доданың ашылу салтанатына Қызылорда облысының дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасының басшысы Бахтияр Ғарифоллаұлы, спорт саласының ардагері Ким Юрий Федорович пен Жағыпар Маханбетов арнайы қатысты. Салтанатты шарада сөз алған басқарма басшысы Бахтияр Ғарифоллаұлы қатысушыларды құттықтап, қазақ күресінің елдік рухты көтерудегі рөліне тоқталып, жарыстың жоғары деңгейде өтетініне сенім білдірді.

– Сыр елінде ұлттық спортымыз – қазақ күресінен XVI облыстық «Алтын белбеу»

бәсекесі ұйымдастырылып отыр. Сондықтан рух пен жігердің күресі атанған бүгінгі бәсекенің маңызы айрықша деп білемін. Барша қатысушыларға сәттілік пен әділ жеңіс тілеймін! – деді Бахтияр Ғарифоллаұлы.

Сондай-ақ, спорт саласының ардагері Ким Юрий Федорович жарысқа қатысушыларға сәттілік тілеп, ұлттық спорттың дамуына үлес қосып жүрген жастарға алғысын білдірді. Айта кетейік, жарыс барысында әр салмақ бойынша іріктеу кезеңдері өтіп, ақтық белдесулерде жыл үздіктері – «Алтын белбеу» иегерлері анықталады. Жарысқа 6 кәсіби төреші қазылық етуде. Жеңімпаздар арнайы атқарармен марапатталады. Сонымен қатар, барлық жеңімпаздар мен жүлдегерлерге арнайы алғыс хаттар мен қаржылай сыйақылар табысталам.

ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІН ЕСКЕРМЕУ – ҚАЙҒЫЛЫ ОҚИҒАЛАРҒА СЕБЕП БОЛУДА

Облыстағы су айдындарында, әсіресе, Сырдария өзенінде жыл сайын азаматтардың түрлі себеппен суға кету жағдайлары азаймай отыр. Осыған байланысты өңірде тиісті профилактикалық шаралар қолға алынған. Жыл басынан бері төтеншеліктер 301 рет рейдке шығып, 2 452 тұрғынға судағы қауіпсіздік ережелерін түсіндірген. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында облыстық ТЖД Азаматтық қорғаныс басқармасы бастығының міндетін атқарушы Нұржігіт Тұрғанбай мәлімдеді.

– Сырдария өзені мен облыс аумағындағы басқа да су айдындарында азаматтардың суға кету фактілері көбіне қауіпсіздік ережелерін өрескел бұзу салдарынан орын алуда. Атап айтқанда, тұрғындардың өзендер мен каналдардың кез келген, зерттелмеген тұстарында суға түсуі, спирттік ішімдік ішіп суға шомылуы, балалардың ересектердің қарауынсыз су жағасына баруы мен жүзе алмауы – қайғылы жағдайларға басты себеп болып отыр. Сондай-ақ, соңғы жылдары ұжымдар мен оқу орындарына қарасты жастардың жаз мезгілінде табиғат аясында, өзен-көл жағасында демалыс ұйымдастыруы жиілеген. Алайда мұндай демалыстардың кейбірі өкінішке қарай қайғылы оқиғалармен аяқталып жатады. Қазіргі таңда облыс аумағында суға шомылуға тыйым салынған 63 қауіпті аймақ тіркеліп, аталған учаскелерге 149 ескерту тақтайшалары мен билбордтар орнатылған. Айта кету керек, жазғы маусымда облыс бойынша 8 балалар лагері жұмыс істейді. Осы ретте барлық ата-аналар мен демалыс ұйымдастырушыларды балалардың судағы қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және барлық сақтық шараларын қатаң сақтауға шақырамыз, – деді Нұржігіт Бердібекұлы.

НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА! ЖОЛДАРҒА УАҚЫТША ШЕКТЕУЛЕР ҚОЙЫЛДЫ

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрілігінің 2023 жылғы 5 шілдедегі №492 бұйрығына сәйкес, жол төсемі бөлігінің бұзылуын болдырмау мақсатында жалпы пайдаланымдағы республикалық маңызы бар KAZ-06 «Қарабұтақ-Қызылорда-Шымкент» автожолының 1240-2055.5 шақырым аралығына әрбір оське түсетін жүктемесі 9 тоннадан артық, KAZ-14 «Қызылорда-Жезқазған» автожолының 12-24 шақырымы аралығына әрбір оське түсетін жүктемесі 8 тоннадан артық автокөлік құралдарының

қозғалысына 2025 жылдың I маусымы мен 31 тамызы аралығында ауа температурасы +25° С градустан асқан жағдайда сағат 10.00-ден сағат 22.00-ге дейін уақытша шектеу енгізіледі.

Халықаралық келісімдерге сәйкес жүктердің және жолаушылардың халықаралық тасымалдарын жүзеге асыратын, төтенше жағдайлар мен олардың салдарын алдын алу және оларды жою жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыратын, тез бұзылатын азық-түліктерді тасымалдауды жүзеге асыратын, жолаушылар мен багаж тасымалын жүзеге асыратын, өте қауіпті жүктерді тасымалдауды

жүзеге асыратын, мердігер ұйымдарға реконструкциялау жұмыстарын жүргізу үшін берілген учаскелердегі жол-құрылыс жұмыстарын жүзеге асыратын, қарулы күштер, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды, сондай-ақ әскери тасымалдауларды жүзеге асыратын, зардап шеккендерге гуманитарлық көмек көрсетуді жүзеге асыратын авто көлік құралдарына шектеулер қолданылмайды.

«КАЖсервис» ЖШС, «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ Қызылорда облыстық филиалдары



ЖЫЛУ БЕРУ МАУСЫМЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен жылу беру маусымының қорытындылары мен алдағы маусымға дайындық мәселесі талқыланды. Үкімет отырысы өтті. Оған облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев селекторлық режим арқылы қатысты.

Өткен жылу беру маусымында облыстағы кәсіпорындар штаттық режимде жұмыс істеді, апатты жағдайлар тіркелген жоқ. Жауапты маусым сәуір айында аяқталды. Қазіргі уақытта алдағы жылу беру маусымына дайындық жұмыстары бекітілген іс-шаралар жоспарына сәйкес жүргізілуде.

Биыл жылумен камту нысандарын жаңғыртуға 13 млрд 500 млн теңге қаржы жоспарланған. Атап айтқанда, Оңтүстік қазандықтағы «Воно энерджи» маркалы үш бу қазандығын жаңғыртуға Үкімет резервінен 2 млрд 524 млн теңге, жергілікті бюджеттен 1 млрд 329 млн теңге бөлінді. Қайта жаңғырту жұмыстары қыркүйек айында толық аяқталады.

Сондай-ақ жергілікті бюджет және кәсіпорын қаражаты есебінен 1 генератор,

10 бу және 21 автономды қазандық жөндеуде. Бүгінде жұмыстың 30 пайызы орындалды. Желілерді жаңғыртудың 6 жобасын іске асыруға бюджеттен 7 млрд 403 млн теңге қаралған. Мердігерлер анықталып, құрылыс-монтаж жұмыстары жүргізілуде.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, оңтүстік өңірлерде электр энергиясының тапшылығын болдырмау мақсатында Қызылордада қуаттылығы 240 мегаваттық жана жылу-электр орталығы бой көтерді. Инвесторы «Акса Энерджи» түрік компаниясы құрылысқа 137 млрд теңгеден астам инвестиция құйып, негізгі қондырғылар толық жеткізіліп, орнатылуда. Қазіргі уақытта жұмыстың 70 пайызы атқарылған. Орталық IV тоқсанда іске қосылады.

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АҚЫНДАР АЙТЫСЫ ӨТТІ

Қызылорда облысы әкімдігінің ұйымдастыруымен, «Аманат» партиясының қолдауымен өткен «Үш дәуірдің астанасы – Қызылорда» атты республикалық айтыс мәресіне жетті. 1000 орындық «Өнер орталығы» сөз додасын қызықтаған көрерменге толды. Айтыскерлер қазақтың бас ақыны Абай Құнанбайұлының туғанына 180, Қызылорда қаласының Қазақ елінің астанасы болғанына 100 жыл толуын, Ұлы Жеңістің 80, Байқоңыр ғарыш айлағының 70 және Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығын жырға қосты.

Қазылар алқасына мемлекет және қоғам қайраткері Сауытбек Абрахманов төрағалық етті. Құрамында Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Жүрсін Ерман, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Ғалым Жайлыбай, Мәдениет саласының үздігі, Ақмола облыстық тарихи-өлкетану музейінің директоры Құдайберлі Мырзабек, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақ ұлттық өнер университетінің профессоры, жырау Алмас Алматов, сондай-ақ айтыскер ақын, филология ғылымдарының кандидаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Мәліс Қосымбаев болды.

Айтысты Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, филология ғылымдарының докторы Аманжол Әлтай жүргізді. Аламан айтыстың бас жүлдесі Сара Токтамысоваға бұйырды. I орын қызылордалық ақын Мейірбек Сұлтанханға, II орын Мұхтар Ниязовқа, ал III орын Абай облысынан келген Рүстем Қайыртай мен Қарағанды облысының ақыны Мақсат Ахановқа берілді. Сондай-ақ, Жансая Мусина (Батыс Қазақстан облысы) мен Бекарыс Шойбеков (Түркістан облысы) арнайы жүлдемен марапатталды.

Сөз додасының көрігін қыздырған Қарағанды облысының ақыны Дидар Қамиевке, Павлодар облысынан келген Аспанбек Шұғатайға, Ақтөбелік Злика Наурызалина мен Нұрбол Жауынбаевқа, сондай-ақ Түркістан облысынан келген Нұрмахан Жакыпбекке 500 мың теңгеден сыйақы табысталды.



СЫР МАҚТАНЫШТАРЫМЕН КЕЗДЕСУ

Мамыр айының басында Астана қаласында дзюдодан әлемдік деңгейдегі Grand Slam Qazaqstan Barysy турнирі өткен болатын. Тартысқа толы белдесуде Сыр елінің намысын қорғаған спортшыларымыз үздік өнер көрсетіп, жүлделі орындарға ие болды.

Атап айтқанда, 81 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде күрескен Абылайхан Жұбаназар мен 60 келі салмақта бөзілемге шыққан Мағжан Шамшадин қола жүлдені жеңіп алып, аймақ мерейін үстем етті. Осыған орай, облыстық дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасының басшысы Бахтияр Ғарифоллаұлы халықаралық аренада ел намысын

қорғаған спортшыларымызды арнайы қабылдады.

Жиынға дзюдодан Grand Slam Qazaqstan Barysy – 2025 турнирінің қола жүлдегерлері Абылайхан Жұбаназар мен Мағжан Шамшадин, сондай-ақ халықаралық жарысқа қатысқан Еламан Ерғалиев, Шархан Нұрлыхан және жаттықтырушы Қален Қалиұлы қатысты. Өз

кезегінде басқарма басшысы Бахтияр Ғарифоллаұлы спортшылардың айтулы жетістігін жүйелі дайындық пен тынымсыз еңбектің жемісі екенін атап өтіп, спортшыларға жаңа белестерді бағындыруда табыс тіледі. Сонымен қатар, алдағы халықаралық додаларда да ел үмітін ақтайтындарына сенім білдірді.

Басқосуда басқарма басшысы Сыр сандақтарына арнайы қаржылай сертификат табыстап, сәттілік тіледі. Жиын соны естілік суретке түсумен аяқталды.

ДЕНСАУЛЫҚ АРАЛЫ АКЦИЯСЫ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының ұйымдастыруымен «Атау city mall», «Ажар», «Жібек жолы» сауда орталықтарында «Денсаулық аралы» акциясы өтті.

Іс-шара барысында №3 қалалық емхананың мамандары тұрғындарға медициналық қызметтер көрсетіп, аурулардың ерте белгілерін және қауіп факторларын анықтауға бағытталған тексерулер



жүргізді. Тегін экспресс-скрининг кезінде дәрігерлер қан қысымын, бой мен салмақты, қандағы қант пен холестерин деңгейін өлшеп, кеңес берді. Көптеген қала тұрғындары өз денсаулығын жай-күйін біліп, аурулардың алдын алу жолдары туралы ақпарат алды.

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры филиалының мамандары сұрақтарға жауап беріп, сақтандыру мәртебесін қалай алуға болады, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандырудың қандай артықшылықтары бар, жарналар мен аударымдарды қалай дұрыс төлеу керек, МӘМС мәселелері бойынша сұрақтар қайда жүгіну керектігін түсіндірді. Сондай-ақ тұрғындарға ақпараттық буклеттер таратылды. Қор филиалының сарапшысы Әлия Убисултанованың айтуынша, МӘМС жүйесі аясында медициналық қызметтердің кең ауқымы қолжетімді. Сақтандырылған азаматтар үшін медициналық көмекті тең дәрежеде алу мүмкіндігі қамтамасыз етілген. Медициналық сақтандыру қаражаты есебінен қымбат оталар жасалады. МӘМС жүйесінде сақтандырылған болу – маңызды.



Құрметті қызылордалықтар!

«МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ - 2025» ұлттық конкурсының қалалық деңгейдегі бірінші кезеңі басталды!

Конкурсқа қатысуға еңбектегі, спорттағы, шығармашылық, зияткерлік, ғылыми жетістіктері жоғары отбасылар жіберіледі. Қызметі Қазақстан Республикасының аумағында тыйым салынған ұйымдардың құрамына кіретін (кірген) мүшелері бар; бұрын сотталған мүшелері бар отбасылар конкурсқа қатыса алмайды.

Конкурсқа қатысуға қажетті құжаттар тізімі:

- 1) ата-аналардың (қорғаншылардың, қамқоршылардың) жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелері, балалардың туу туралы куәліктерінің көшірмелері;
- 2) асырап алушы (қорғаншы) отбасылар үшін – жергілікті уәкілетті органның көмелетке толмаған балаға қорғаншылықты (қамқоршылықты) белгілеу туралы шешімінен үзінді көшірме;
- 3) неке кино туралы куәліктің көшірмесі (бар болса);
- 4) Ата-аналарының біреуі қайтыс болған жағдайда, қайтыс болу туралы куәліктің көшірмесі бар болса;
- 5) Балаларды тәрбиеленгені үшін алған көтермелеулердің, белгілі бір жетістіктері үшін алған көтермелеулердің бар екенін куәландыратын құжаттардың көшірмелері;
- 6) балалардың, ата-аналардың (қорғаншылардың, қамқоршылардың) жұмыс (оқу) орнынан анықтамалар және мінездемелері;
- 7) ұсынымдар (әріптестерінің, көршілерінің, достарының);
- 8) отбасы мүшелерінің еңбектегі, спорттағы, шығармашылық, зияткерлік, ғылыми жоғары жетістіктерін куәландыратын құжаттардың көшірмелері.

Аталған құжаттарды жинақтап, сканерлеп, түрлі-түсеті портфолио жасап төмендегі мекен-жайға ұсынады. Сонымен бірге, отбасын таныстыру мақсатында отбасылық көріністер бейнеленген 1,5-2 минуттық видеоролик жасап ұсыну қажет. Жеңімпаздарды анықтау мақсатында құрылған комиссия отырысында портфолио мен видеороликті қарау арқылы жеңімпаздар анықталады.

«Мерейлі отбасы - 2025» ұлттық конкурсына құжаттар 2025 жылғы 15 маусымға дейін қалалық қоғамдық даму бөлімінде қабылданады. Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Ы.Жақаев көшесі №16 үй (қала әкімдігінің ғимараты), 306 - кабинет, байланыс телефоны: 26-39-54, 27-20-81.

Уважаемые кызылординцы!

Стартовал первый этап национального конкурса «МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ - 2025» на городском уровне!

К участию в конкурсе допускаются семьи с высокими трудовыми, спортивными, творческими, интеллектуальными, научными достижениями. Членами, входящими (вошедший) в состав организаций, деятельность которых запрещена на территории Республики Казахстан; семьи с ранее судимыми членами не могут участвовать в конкурсе.

Перечень документов, необходимых для участия в конкурсе:

- 1) копии документов, удостоверяющих личность родителей (опекунов, попечителей), копии свидетельств о рождении детей;
- 2) для приемных (опекунских) семей – выписка из решения местного уполномоченного органа об установлении опеки (попечительства) над несовершеннолетним ребенком;
- 3) копия свидетельства о заключении брака (при наличии);
- 4) копия свидетельства о смерти в случае смерти одного из родителей-при наличии;
- 5) копии документов, удостоверяющих наличие поощрений за воспитание детей, поощрений за определенные достижения;
- 6) справки и характеристики с места работы (учебы) детей, родителей (опекунов, попечителей);
- 7) рекомендации (коллег, соседей, друзей);
- 8) копии документов, удостоверяющих высокие трудовые, спортивные, творческие, интеллектуальные, научные достижения членов семьи.

Эти документы необходимо собрать, отсканировать и отправить по указанному ниже адресу в виде портфолио. Кроме того, необходимо создать и предоставить 1,5-2-минутный видеоролик, иллюстрирующий семейные сцены, для представления семьи. Победители будут определены путем рассмотрения портфолио и видеоматериалов на заседании комиссии, созданной для определения победителей.

Документы на национальный конкурс «Мерейлі отбасы - 2025» принимаются в городском отделе общественного развития до 15 июня 2025 года. Адрес: город Кызылорда, улица Ы. Жақаева дом №16 (здание акимата города), кабинет 306, контактный телефон: 26-39-54, 27-20-81.

Қызылорда қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 27 мамырдағы №2024 қаулысы

Жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 84-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 63-бабына және «Қызылорда облысы Қызылорда қаласының бас жоспары туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 17 шілдедегі № 1087 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 6 маусымдағы № 374 қаулысына сәйкес, сондай-ақ Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының тұрғын үй – коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2025 жылғы 20 мамырдағы № 01-03/548 хатын қарап, Қызылорда қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Меншік иесі Бақытбекұлы Нұркеннің жеке меншік құқығындағы Қызылорда қаласы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, № 86 үй мекенжайында орналасқан көлемі 62 579,0 (алпыс екі мың бес жүз жетпіс тоғыз) шаршы метрғимаратқа қызмет көрсету үшін (кадастрлық нөмірі 10-156-002-3924) жер учаскесінің қажетті 2026,0 (екі мың жиырма алты) шаршы метр бөлігі аяқ су арық жүйесімен қабаттасуына байланысты мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2025 жылғы 28 тамыз болып белгіленсін.

3. Жер учаскесінің меншік иесі жүгінетін орын Қызылорда қаласы, Қонысбек Қазантаев көшесі, № 43, № 13 кабинет болып белгіленсін.

Қызылорда қаласының әкімі

Н.Ахатов

Постановление акимата города Кызылорда №2024 от 27 мая 2025 года

О начале принудительного отчуждения земельного участка или иного недвижимого имущества в связи с изъятием земельного участка для государственных нужд

В соответствии со статьей 84 Земельного кодекса Республики Казахстан, со статьей 63 Закона Республики Казахстан «О государственном имуществе» и Постановлением Правительства Республики Казахстан от 6 июня 2019 года № 374 «О внесении изменений в постановление Правительства Республики Казахстан от 17 июля 2009 года № 1087 «О генеральном плане города Кызылорды Кызылординской области», а также рассмотрев письмо коммунального

государственного учреждения «Кызылординский городской отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог» акимата города Кызылорда № 01-03/548 от 20 мая 2025 года, акимат города Кызылорда ПОСТАНОВЛЯЕТ:

1. Начать принудительное отчуждение земельного участка для государственных нужд в связи с изъятием для арычных систему собственника Бакытбекұлы Нұркенна праве частной собственности, расположенный по адресу: город Кызылорда, проспект Нурсултана Назарбаева, дом № 86 (кадастровый номер 10-156-002-3924) необходимой площадью 2026,0 (две тысячи двадцать шесть) квадратных метров с общей площадью 62 579,0 (шестьдесят две тысячи пятьсот семьдесят девять) квадратных метров для обслуживания здания.

2. Датой принудительного отчуждения определить 28 августа 2025 года.

3. Местом обращения собственника земельного участка определить: город Кызылорда, улица Конысбек Казантаева, №43, кабинет №13.

4. Коммунальному государственному учреждению «Кызылординский городской отдел общественного развития» акимата города Кызылорда в течении трех рабочих дней со дня принятия данного постановления опубликовать в средствах массовой информации.

5. Коммунальному государственному учреждению «Кызылординский городской отдел сельского хозяйства и земельных отношений» акимата города Кызылорда уведомить собственников земельных участков, а также принять иные необходимые меры, предусмотренные законодательством Республики Казахстан.

6. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на курирующего заместителя акима города Кызылорда.

7. Настоящее постановление вводится в действие со дня подписания.

Аким города Кызылорда

Н. Ахатов

Заң бөріне ортақ



АШЫҚ ЕСІК КҮНІ

Арал аудандық сотында «Ашық есік күні» өтіп, шараға келген азаматтарға сот төрағасы Р.Алдамбергенов жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықты болдырмау және оның алдын алу тақырыбында дәріс оқыды.

Бүгінгі таңда қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі – балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу, көмелетке толмағандардың арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу болып табылатынын айта келе, көмелетке толмағандардың арасында жиі орын алатын құқық бұзушылықтар жөнінде мысалдар келтірді, олардың қатарына Қазақстан Республикасы ӘҚБтК-нің 127 және 442-баптарымен жауаптылық көзделген ата-ананың көмелетке толмаған баланы

тәрбиелеу жөніндегі міндеттерін орындамауы салдарынан көмелетке толмағандардың әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар қасақана іс-әрекет жасауларын, көмелетке толмағандардың заңды өкілдерінің түнгі уақытта тұрғын жайдан тыс жерде жүруін жағқызды.

Сондай-ақ, қаралған істер бойынша және қолданылған әкімшілік жазалар туралы статистикалық мәліметтер келтіріп, жасөспірімнің жасаған құқық бұзушылығының салдары, оның келешек тағдырына әсер ететінін түсіндіріп өтіп, көмелетке толмағандардың мінез-құлқының мәдени талаптарға сай келетін заңға бағынушылық қағидатын ұстануы қажет екеніне назар аудартты.

Арал аудандық соты

ӘКІМШІЛІК ҚАМАҚҚА АЛЫНДЫ

Заңды күшіне енген сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін және атқарушылық құжатты орындамау заңда көзделген жауаптылыққа әкеп соғады. Арал аудандық сотында Қазақстан Республикасының ӘҚБтК-нің 669-бабының 1-бөлігімен азамат С-ға қатысты әкімшілік құқық



бұзушылық туралы іс қаралды. Іс құжаттарына сәйкес азамат С. Арал аудандық сотының 25 қараша 2024 жылғы сот бұйрығымен өндіріп алушы Ж-ның пайдасына балаларын асырап-бағу үшін алимент төлеуге міндеттенген. С-ға сот орындаушысымен атқарушылық құжатты орындау жөнінде ескертулер берілгенімен атқарушылық құжатты орындамаған. Нәтижесінде, борышкердің бүгінгі күнге алиментке қарызы 912 693 теңгені құраған.

Сот қаулысымен С. жоғарыда аталған баппен кінәлі деп танылып, әкімшілік қамаққа алу жазасы тағайындалған.

Арал аудандық соты

ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ ӨТТІ

Қармақшы аудандық сотында «Азаматтық істердің соттылық мәселесі» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Шараға аудандық сотының төраға міндетін атқарушы С.Е.Кожиков, адвокат Қадырбаева Г. және жергілікті атқарушы органдардың өкілдері қатысты. Аудандық сотының төраға міндетін атқарушы С.Е.Кожиков дөңгелек үстелді ашып, қатысушыларды күн тәртібімен таныстырып, маңызды мәселелерге тоқталып, баяндама жасады. Өз баяндамасында, соттылық ұғымының мәні, оның азаматтық іс жүргіздегі рөлі және сот тәжірибесінде

туындайтын мәселелер жөнінде, соттылық ережелерін дұрыс қолданудың азаматтардың құқықтарын тиімді қорғаудағы маңызын атап өтті.

Шараның мақсаты- азаматтық істер бойынша соттылықты дұрыс айқындау тәжірибесін жетілдіру. Дөңгелек үстел барысында көтерілген тақырып төңірегінде көптеген сұрақтар талқыланып, оларға жауап берілді. Төрағалық етуші дөңгелек үстелді қорытындылап, қатысушыларға алғысын білдірді.

Қармақшы аудандық соты



НАПОЛЕОННЫҢ ҚЫЛЫШЫ 4,7 МИЛЛИОН ЕУРОҒА БАҒАЛАНДЫ




Бұл қарудың екінші нұсқасы Санкт-Петербургтегі Эрмитаж мұражайында сақталып тұр. Париждегі аукционда Бонапарттың тарихи жәдігері 4,7 миллион еуроға бағаланды. Француз императоры Наполеонның қылышының сатылғанын Hotel Drouot аукцион сайтына сілтеме жасап Le Figaro хабарлады. Қару алғашында 700 000 еуродан 1 миллион еуроға дейін бағаланған. Бәссаудада сатылған қылышқа «Наполеон дәуірінің ең қымбат артефактілерінің бірі» деген ерекшелік қоса берілген.

– Бұл сома 2007 жылы 4,8 миллион еуроға сатылған Маренго шайқасындағы семсер рекордына жақын, – деп жазылған хабарламада.

Аукцион саудасын қыздыра түскен қылыш Наполеонның жеке қаруы еді. Бонапарт 1802-1803 жылдары Версаль мануфактурасының директоры Никола-Ноль Бутеге қаруға тапсырыс берген.

Наполеон I император болғаннан соң да билігінің соңына дейін қаруланып жүрді. Содан кейін ғана қылышты маршал Эммануэль де Гручиге сыйға тартты. Қаруды осыған дейін қолбасшының ұрпақтары сақтаған. 2021 жылы Бонапарттың парадтық қылышы мен 5 тапаншасы 2,87 миллион долларға сатылған-ды. Наполеонның бұл қаруларды 1799 жылғы мемлекеттік төңкеріс кезінде қолданғаны белгілі.

АЗИЯ ЕЛДЕРІНДЕ КОРОНАВИРУС ТЕЗ ТАРАЛЫП ЖАТЫР



Үндістанның Дели, Керала және Мумбай секілді ірі қалаларында дәрігерлер дабыл қаға бастады. Ковид Үндістанның қалалық аймақтарында біртіндеп жанданып, Дели, Карнатака және Мумбай сияқты штаттар мен одақ аумақтарындағы ауруханалар жоғары дайындық жағдайына көшірілді. Себебі, осы айда Дели, Махараштра, Керала, Тамил Наду және Карнатака штаттарында жаңа жағдайлар тіркелген. Көбінде ауру белгілері жеңіл өтіп жатыр. Десе де ауруханалар науқастарды қабылдауға жоғары дайындықта отыр.

Науқастардың денінде JN.1 штамы анықталып отыр. Қазір індет Азияның өзге елдерінде тез таралып жатыр. Таиландта өткен аптада 16 мың адам медициналық көмекке жүгінген. Ал Гонконгта вирустан 30 адам көз жұмған. Оңтүстік Азиядағы инфекция Omicron-ның қосалқы нұсқасы болып табылатын JN.1-мен байланысты болуы мүмкін.

БАЛ АРАЛАРЫ АЗАЙЫП КЕЛЕДІ



Жыл сайын аралар жаппай қырылады. 2000 жылы Ресейде аралар отбасы 3,4 миллион болса, ал 2021 жылы саны 2,8 миллионға қысқарды. Тура осындай жағдай Түркияда, Италияда, Қытайда, Америка Құрама Штаттарында және Ұлыбританияда байқалған. АҚШ Ауыл шаруашылығы министрлігінің дерегі бойынша соңғы 10 жылда бір ара үйірінің орташа бал мөлшері 225 граммға қысқарды. Бір ара бір келі бал жинауы үшін 3-4 млн гүлге қонуы тиіс екен.

Ал омарташылар гүл мен оның ұясы арасындағы орташа қашықтық 1,5 шақырымнан аспауы керек. Ара бір келі бал жинауы үшін 400 мың шақырым қашықтыққа дейін шарлауы қажет екен. Бір ара отбасы жылына 30 келіге дейін бал жинай алады. Ал аралар санының жыл өткен сайын кемюіне ауыл шаруашылығында зиянкестерге қарсы қолданылатын тыңайтқыштар мен химикаттар, соның ішінде гербицидтер себеп болып отыр.

Ең басты фактор – климат өзгерісі. Көктем ерте шығып, аяқ астынан соғатын үсікке ұрындып, қырылып жатқандары қаншама. Жаһандық жылынуға байланысты қарқын алған топырақ құнарының жоғалуы (топырақ дегреациясы) да аралардың қырылуына себеп болған.



Киикбайдың мазасын алған мына телефоны түсірді не істесе екен, а?! Ашық тұрған терезеден көшеге қарай лақтырып жіберсе, біреу оның өтемақысын сұрай ма? Қалта телефонсыз да өмір сүріп келген Киикбай мұнан былай да тып-тыныш тірлігін жаластыра берер еді-дағы. Келіндерінің көкейіндегі түпкі мақсатты түсіне алсашы; атамыз екінің бірі емес, еш нәрседен таршылық көрмесін дейтін жанашарлық па... әлде ана кісімен іштей бақталасып жүретінін білген соң, соның алдында кішіреймесінге саятын қамқорлық па? Мұны аңғарғандарына мың алғыс! Оларға енді кейістік білдіргеннен не пайда. Естуінше, қымбат телефонды несиеге алған сыңайлы... Иә, Киикбай күн сайын үкімет адамдарымен ел тағдыры жайлы ақылдасып тұратын еді; хабарласпаса, олар жер-көкті шарлап, Киикбайды іздейтін еді. Е, соны айтамын да...

Бұрындары Киикбай ертенгі шайын адам құсап асықпай, кесесіне бір уыс тары салып, еш нәрсе ойламай, еш нәрсеге алаңдамай, терлеп-тепшіп рақаттана ішетін-ді; құс жастыққа жантайып, теледидардың соңғы жаңалығын тыңдайтын-ды; далаға шығамын десе, немерелерін киіндіретін-ді. Қазір соның бәрі көзден бұл-бұл ұшқан. Осы жұрттың телефоннан басқа қызығы түгесілген бе? Бәлкім, Киикбайдың осы бір уақытша жан тыныштығын көре алмайды. Таң атпастан телефонға маза жоқ. Және елең еткізерліктей елеулі оқиғаны хабарласа жөн ғой, кәкір-шүкір. Әлдекімнің бұлақтай сауып отырған інгені жоғалып кетіпті, «ботасына обал-ақ, сіз ел-жұртпен емен-жарқын араласасыз, біреулерден бүдіктенбейсіз бе» деп айдаладағы Киикбайдың мойнына ап-ауыр міндет жүктейді. Немесе «әлленіңенің бойжеткен қызын қаладан келген біреу алып қашыпты, екі-үш күннен бері хабар-ошарсыз, Кieke-ау, ол арыдан қосылатын біздің ағайын ғой, кез келген дорак бүйітп басына берсе, келешегіміз не болмақ, сіз көп көрген елдің ағасысыз, полицияға хабарлаймыз ба, қайтеміз?..» Тағы да зіл батпан жүк.

Оу, түйесі жоғалған кісі жан-жаққа сұрау салып, өзі іздемей ме? Киикбайдың бұған қатысы не? Қызы кетсе, қызына шынымен жаны ашыса, екі-үш күннен бері бок бітіріп жүр ме, артынан қуғыншы жібермей ме? Соған қарағанда бір шікілік бар. Жастар бұрыннан сөз байласқан болса, бұл араға Киикбайдың киілікпені қалай?.. Ал мықты болсаң, осыдан кейін бір уыс тары салған қою шайды жайбарақат ішіп көр! Сұйық тамақтан әрі өтер ғой, өткені бар болсын, шекең тырысып, қанша ойламайын десе де, әлгі сұрақтар әліс жүйкеге аяусыз ине сұққылайды.

Дүние тап оған тіреліп тұрса да деп, Киикбай кейде қымбат телефонды шайға келерде жастығының астына әдейі «ұмыт» қалдырады.


– Ата, телефоныңыз!.. – Айтары жоқ, нағыз сақ құлақ. Кіші келіі сүріне-қабына тапырақтап, төрті бөлмеге жүгіреді. Телефонның үнін өшіруге немесе байланысты ажыратуға Киикбайдың сауаты жетпей-ақ қойды.

– Әл-ләу?
– Киикбай көке!
– Айта бер, тындап тұрмын.
– Сізге барып жолықсам, ақылдассам деп ем.
– Сен кімсің?
– Танымадыңыз ба, телефоныңыздан аты-жөнім шықады ма?
– Күнгіе оншақты кісі хабарласады, қайбірі естге тұрады.
– Мен Пернебай құрдасыңыздың ұлы Серікбаймын ғой.
– Иә, Серікбай әең қалай?
– «Атқан оқтай, шапқан аттай!...»
– Бәрекелді, әкеңе сәлем айт.
– Соның сәлемдемесін жеткізейін деп...
– Айта бер.
– Айтқанда... көзбе-көз пікірлескеніміз жөн еді.

– Мемлекеттік құпия ма... егер мемлекеттің құпия болса, амал қайсы?
– Жо-жоқ, анау айтқандай, ерекше бұйымтай емес, ауыл-аймақтың шаруасы әншейін. Өзімізге қараған ағайындар тағы да жиналып, ниетімізді білдірейік дейді.

– Ол немене?
– Күннің өртеніп тұрғаны мынау, далаға шығудан қалдық. Маңға шөпті был қайдан тасымалдайтынымызды қайдам, бір шөмеле шөпке саудагерлер әкесінің құнын сұрайды. Ұят-аят кеткен бүгінгі адамнан?! Басқаларда неміз бар, өзімізге қараған ағайынның тағдыры тұйыққа тірелді.
– Енді не дейсіңдер?
– Тасаттық берейік, құдай біздің жанымызды қуыра бермес, рақымы түсер.
– Ау, ана жолы бермеп пе елндер?
– Бериін бердік, бірақ ондағы асығыстықты айтаңыз. Бұл жолы өзімізге қараған ағайынды түгел қатыстырмақ ойымыз бар, тілегіміз бір жерден шықсын. Сосын...

– Иә, тағы не?
– Тасаттыққа шалынатын сойыс малды



даярлап қойдық, анау-мынау керек-жарағы да біздің мойнымызда.

– Ендеше, менен не көмек?
– Пернебай құрдасыңыз «біздің рудың көшбасшысы Киикбай ғой, алдымен сонымен ақылдасындар» деген соң...

– Мен не дейін, ниеттерің қабыл болсын!.. Неге күмілжідің, «ру көшбасшысынан» тағы нені сұрмақ едің?
– Айта берейін бе?

– Айт, соны айту үшін звандап тұрған жоқпысың?

– Көшенің арғы бетіндегі Өскенбайдың ағайындарына тасаттық бергелі жатқанымызды айтамыз ба, айтпаймыз ба; оларды осы іске қатыстырамыз ба, қатыстырмаймыз ба? Бізді қинаған осы сұрақ.

«Бұған Өскенбайдың қатысы не, Өскенбайсыз тандарың атып, күндерің шықпай ма?» – Киикбайдың тамағына әлдене кептеліп қалғандай, біразға дейін үнсіз қалды: – Жауабын ертең айтамын, – деді сәлден соң. Телефонды қамыс үйдің іргелігіне тастай салды.

Құдай салмасын, биылғы ыстықтан аман қалғандарға, сірә, бір-бір ескерткіш орнату керек шығар! Түкірігін топыраққа түсіп үлгермейді. Төңірегін түп-түгел алай-дүлей от-жалын. Олай-былай аунатсаң, құмға жұмыртқа піседі. Уақ мал түгілі, сирақтыларының өзі қора манынан алыс ұзамайды. Бәрін суаратындай, бәрінің шөлін қандыратындай асып-төгіліп, гүмүлдеп тұрған құдығын қайда. Таз кісінің басындай дарияның түбінен бірнеше аралшық пайда болған. Бір нәрсе айтудан бұрын, тіке қараудың өзі мұң. Себеп-салдарын жіліктеуге бір арба жан керек. Шешенсіп, әркім әртүрлі долбар айтуға шебер. Құмды өңірдің жылтыраған көз жанарындай, күллі дүниені жарылқап тастамаса да, егтпес ес жиюға жарап тұрған көк теңіздің «жаназасы» шыққалы қай заман! Сыырдың бүйрегіндей бөлініп қалған Кіші теңіздің ахуалы да «шықпа, жаным, шықпа...» Сүйтсе, көп нәрсенің арғы астарын аңдамай, апын-үтің тірлік кешкен ағайын табиғат-ананы құдайдың бізге көрсеткен мәңгілік мейрім-шапағаты деп түсінеді екен ғой. Теңізден ескен салқын леп аптап ыстығыңның «аузын ұрып» жіберетін болған соң, анау-мынауға бас ауыртпапты. Қазір ол күндер арман. Бәрін айт та, бірін айт, сол теңізден соққан салқын самалдың азды-көпті қызығын көргендер ол жайлы сұрасаң, еңірегінде етегі жасқа толады. Енді қанша жыласаң да, ол дәуірдің қайтып келмесі аян.

Біреулер ойдан-қырдан естігенін араға тықпалап, іргедегі Байқоңыр космодромының кесааптың қарған-сілеп, жерден алып, жерге салады. Және мұнан көп жұрттың хабары мол. Мәселенің сан түрлі музыкалық аспаптарындай жан-жақтан улап-шулап, өре түрегелгенде: «сірә, мыналар мына түрімен кешікпей космодромды көшіріп жіберетін шығар» деп құлағын елең ете қалады. Әңгіме ауаны біраз жерге шығандайды. Космодромға байланысты деректер бірінен-бірі асып түседі. Қызып алғандар екі білегін сыбанып, бұрын айтылғандардан өз даусын оздыру үшін құйрығымен жылжып, ортаға

қарай ентелейді. Сөз деген жарықтықтың түбі көрінсейші! Ағыл-тегіл. Біреулер осы айтқысы үшін ақы төлейтінінен әрі. Ертеннен басталған отырыс тал түске иек артады. Бірен-саранды шөл кинайды. Ғасырлық проблемаға айналған кәделі жынн себепсізден-себепсіз осы тұсқа келгенде сәл бәсенсиді. Сірә, «космодромды түбрімімен жапқызып тастау немесе атмосфераға спутник ұшырмау сендер түгілі анау дәу бастықтардың да қолынан келмейді» дейтін сыпсын әлдененің әсерімен там-тұмдап құлағына жете ме, қайдам, «ораторлардың» біртіндеп қатары сирексиді. Біреуі «уақытымен дәрі шештін едім» деп тізесін қакқыштап, орнынан түрегеледі; екіншісі «біздің кемпір қалаға жүретін еді, автобуска шығарып салайын» деп ұйып қалған белін тіктеп, қисалаңдап сыртқа беттейді. Қалғандары «кенді не дейміз, бәрі айтылды ғой» деп бір-біріне жалтақ-жалтақ қарасады.

«Бір күнге созылған пікірталастың нәтижесі қайда, қорытындысын кім шығарады?!» Осыған нақпа-нақ жауап беретін пенденің қарасы әзір көрінбей тұр. Ал далаға шықсаң, төбенді тесетін ысылдаған аптап, жан-жағын жалаңдаған от құрса. Манағы өзекті мәселені ортаға салғандар «космодромды да, басқасы да құрып кетсін, мына сұмдыққа қарсы тұрар не амал бар, қолымыздан не келеді, осы біз әлімізге қарамай, аспанға секіргенді қашан қоя–мыз, а?!» деп терлеп-тепшіп, бір уыс тары салған қызыл күрән шайға әбден қанып алған соң, бір-біріне телефон соғады.

Сонымен не керек, тіл ұшына оңай орала кететін «тасаттық, тасаттық» дейтін дабыл әр шаңыраққа бірер мәрте аялдап, аспан әлемін шарлап жүр...

«Бір рудың көшбасшысы» Киекен, Киикбай біреу-міреу хабарласып қала ма дестенен, іргеліктегі қалта телефонын да көтерместен, есік алдындағы төбесі брезентпен бүркемеленген көлеңкең астына барып, біраз ойланады. Ауық-ауық төңірегіне назар жығады. Төңірегіңіз әдеттегіше күйіп тұр. Ақ сағым көз арбайды. Ыстықтан ығыр болған қозы-лак бірін-бірі итерісіп, тоқал тамның көлеңкесіне тығылысады. Әдетте (мүнікі еріккеннің ермегі емес) бір уыс тарыны кесеге салып, жібітіп жегені аздай, тағы бір уысын қалтасына салып алған Киикбай осындайда онысын ауланың қуыс-қуысынан бірдемелерді теріп жеп жүрген торғайларға шашар еді. Торғайларға мұнан артық сый-құрметтің қажеті шамалы. Піскен тарының төрт-бес түйірі бұйырса, қарын тоқ. Және қорадағы мал-текеге қыстық азықты қайдан табамыз деп, ойға-қырға шапқылап жүргендерден бойын аулақ ұстап, көбіне ортамен-өзі ой үстінде отыратын осы бір орта бойлы кісіге де айтар алғысы шексіз.

Оу, мұндай акеден азаматты бұл маңнан сирек ұшырастырасын. Әрі құм қойнауына қоныстанған шағын ауылдың байырғы тұрғындары тұрғанымен қыңыр-қисық. Көпшілігі әлденеге риза болмай, күні бойы күңкілдеп, өздерімен-өздері күбір-күбір сөйлесіп жүреді, қабағы бір ашылмайды. Қабағының ашылмайтын себебі – жұрт жұмыр жерді былай қойып, Марсқа ұшып,

онда да адам өмір сүретіндей тірлік бар екен, бал татитын зәмзәм суы бар екен деп, бір-бірінен сүйінші сұрап жатқанда, бұлардікі неткен таусылмайтын тозақ?! Бұларды немене, аспандағы бір тылсым күш осы тозақтан кім қандай күшіне сеніп, қалай аман шығар екен деп, сынау үшін әрбір қадамын аңдып, төбеден бақылап тұра ма? Қанша бақыласа да, бұлар да адам ғой, бұлар да бір тұтам тірлікте рақат көруге тиіс қой! Мына Киикбайдың қолындағы бір уыс тары түгесілгенше, бұл маңнан ұзап ұшпайтын торғай құрлы жоқ па?!

Ал турасына көшкенде, Киикбайдың да торғайларды жарылқайыншы деген ниеті шамалы. Өстіп отырғаны өзіне ұнайды. Торғайлардың қыт-қытынан қуат алады кәдімгі, ой деген жарықтық бастың ішіне құйылады науалап. Әлгі телефондағы бар болғыр бауырына табанда жауап беруден тартыншақтағаны, ол Киикбай оп-онай шеше салатын жүрдім-бардым тапсырма емес-ті. Қабырғамен кеңесуге тура келеді. Өскенбайға тасаттық туралы айту керек пе, керек емес пе? Міне, мәселе қайда?! Өскенбай да осы ауылдың әтібірлі азаматы. Екеуі бір-бір рудың көшбасшысы. Жиналыс ашып, жиналыстың протоколы толтырылып, мөрі басылмаса да, ел екеуін солай қабылдаған. Ел дейтіндей, елдің жағдайы белгілі, қаншалық ауыз толтырып айтқанымен, ауыл – бар-жоғы екі көшеден тұратын іргелі ұжымшардың шағын бөлімшесі. Сол екі көшеге кімнің қалай қоныстанғаны әлі күнге дейін жұмбақ. Көзге баттыып көрінбесе де, әр кесуде мыз-ғымастай орныққан «рулық заңның» бұзылмағанына таңғалмасқа және шараң жоқ. Екі көшеге екі рудың үрім-бұтағы жағалай орныққан. Әрине, бұл неткен жікке бөлінушілік деуге де аузың бармайды. Бармайтыны, бастауыш мектеп ортақ, дүкен ортақ, игіліктің бәрі ортақ. Тек ауыл арасындағы кейбір кездейсоқ келенсіздіктер туа қалған жағдайда ғана екі рудың ортасынан кәдімгідей түсініксіз сызат пайда бола кетеді. Балабақшаның меңгерушісі қай рудан, ендеше, бастауыш мектептің директорлығына екінші рудың өкілі отырауға міндетті. Бұған келгенде ешкім дауыс көтеріп, таласа алмайды. Бұрын мұндай пәле жоқ-ты, соңғы жылдар бедерінде пайда болған бұл «аурудың» барған сайын «рөлі» күшейіп келеді. Той-домалақтың мазмұнына қарай сол рудың өкілдері алдымен шақырылады, той тізгінін де алдымен солар ұстайды. Екінші көшедегілердің бұлардан кейін қалғандары қалай, ретін келтіріп олар да таныс «сенарий» бойынша той өткізеді. Той-тойлауға сылтау жетерлік.

Екі көшенің той төріндегі Киикбай мен Өскенбайдың орны әрқашан дайын. Және олар келгенше ешбір жиын басталмайды. Рудың көшбасшылары өмірдің талай сынынан өткен, жаман-жақсыны айыра білетін сауаты мол, сұңғыла азаматтар. Неге екенін қайдам, «оу, ағайындар, бір аспанның астында түтін түтетіп отырып, бүйітп бөлектенгенімізге жөс, мұнымыз келесекке үлгі емес, мұндай бейшара бәсекемен ұзаққа бара алмаймыз» деп екі көше естиярларының басын қосып, ағынан жарылуға келгенде екеуі де дәрменсіз. «Бәлкім, мұнымыз арыға сілтегенде – түкке тұрмайтын қасқабайшылық, беріден қайырганда – кісілікке жатпайтын көрсөкырлық» деп өз беттерінше мазасыз–данса мазасызданған да шығар. Бірақ жеме-жемге келгенде мұны әліп атың өңкір рулық мүлде дейтін пәлект көлденең киілігіп, тұншықтырады да тастайды. Рудың намысын жыртындап жауға шабатын көзсіз батырыннан бетер. Және әңгіменің қисынын киноластыруға да шебер. Ара-тұра «осылар ымыраласып кетсе, біздің баяғыдан бергі тыртғыңбай тірлігіміз айдалада қалмай ма» дегендей, біреулер бір ауылда өскен екі көшбасшының арасында ертеректе болған, бірақ бұл күндері мүлде ұмытылған елеусіз оқиғаларды да есіне түсіріп қоюдан шаршамайды: «Ой, несін айтасың, Кieke-ау, сіздің үйлену тойыңыз–да мына Өскенбай сболш ішіп келіп, әдейі төбелес шығарды ғой!..» Өскенбайдың да жанды жерін шабақтайтындар жетерлік: «Өскенбай аға-ау, оны біз неге ұмытайық, сіздің үйдегі жөңгемізге алғаш сөз салған Киикбай сболш болатын!..»

Қалтасындағы бір уыс тарының соңғы түйірін торғайларға шашып үлгерген Киикбай «тасаттық жасайтынмызды Өскенбайға хабарлап, кішірейгендей болмайық» деп шешті.

Киикбайлардың екінші мәрте берген тасаттығынан да тұш шықпады. Күн күйіп тұр. Көктен жалғыз тамшы тамбады...

Жанына желкелегі күжірейген бес-алты жігіт ерткен Өскенбай құрылыс материалдары толы жүк мәшинесімен таң атар-атпаста бір нәрседен құр қалатындай, Тілепбайдың тоқал тамына жетіп келді.

Тілепбай – екі көшедегі руластармен алым-берім байланысы, бауырластығы жоқ, өз күнін өзі күйттеген, ана жылы кемпірі дүниеден озған жетім шал. Тоқал тамы да ауыл шетінде. Кіндігінен тараған қыздары үйлі-баранды болып, әлдеқашан өз жөндерін тапқан. Обалы нешік, «ата, біз де бір баланыз, жалғыздық құдайға жарасқан, бүйітп қашанғы өмір сүресіз, ел-жұрт бізге де күлетін болар, біреуіміздің қолымызға келсенсізші!» деп күйеу балалары талай рет жалынған. Қырсық шалдың қаны дереу басына шапшыды: «Тәйт! Қыздың қолына барып, қайтіп жетіспектің?! Сендерден жәрдем сұраған біреу бар ма? Жүре беріндер, өлсем, ел-жұрттан ұялсаңдар да, келіп көмерсіңдер! Сөзім – сөз, әзірге қара шаңырағымды құлатпаймын!»

Тілепбайдың «қара шаңырағы» – қамыстан тұрғызылған екі бөлмелі қақыра там. Оның қашан салынғанын да тірі жан тап басып айта алмайды. Елу жылдан ары болмаса, бері емес. Жыл сайын жөндеу көрмеген үйдің жағдайы белгілі. Үйдің төбесінен тамшы ағады. Ол туралы тірі пендеге тіс жармағаны өзіне аян. Тілепбайдың үйіне кіріп-шығатындар да саусақпен санарлық. Әр айдың басында пошташы келіншек келіп, азын-аулақ пенсиясын қолына табыстайды. Сол күні Тілепбай азық-түлік дүкенінен жарты айға жетерлік керек-жарағын тасып әкеледі. Сонымен сыртпен байланыс толықтай үзіледі.

Екі көшедегілер Тілепбайдың бары мен жоғын елемейді. Оны той-томалаққа да шақырмайды. Ара-тұра тоқал тамның мұржасынан сыздықтап түтін шығады. «Е, Тілепбай тірі екен» дейді білетіндер. Жалғыз басты шал жайында да жүгіртпе әңгіме желдей еседі. Есі ауысқан дәйтіндердің қарасы қалын. Есі ауыспаса, меілі, руы басқа болғанымен, елмен араласуға не келергі? Қайта екі көшенің ер-азаматтары кейде табан астынан туындайтын ағайын арасындағы әжік-түжік дау-дамайға қатыспайтын ақсақалды төбесіне көтермес пе; «айғамбар жасынан астыңыз, рудың рухын көтерушілердің ешбіріне бүйрек бұрмайтыныңыз және белгілі, сіз беттарап адамсыз, ендеше, осы ісіміздің ақ-қарасын ажыратып беріңіз?» деп Тілепбайды қошеметтеп, төрдегі көшбасшылардың жанына отырғызбас па?! Эх! Бірақ қырсық шал бұларға оңайлықпен мойын бұрып тұр ма? Айтатын уәжі де мұрдің оғындай: «Өзірге жағдайым шүкір, маған алаңдамандар, мұржадан түтін шықпаған күні – өлгенім».

Күннің ыстығын жанындай жақсы көреді. Шаңқай түсте үй маңында тау болып үйілген құмға көміліп, сағат жарым тұяқ серпілейді. Басынан башпайына дейін ағыл-тегіл терлейді. Баяғыдан денеге жабысқан жел-құздан өстіп құтылмақшы. Жұрт жалаң табынымен ұйым құмды баса алмай секектесе, Тілепбайыныңздың түк сезбестен басын қылтитып, құм астында тұтанып қалса. Сірә, «есі ауысқан» – осыдан кейін пайда болған байлам.

Ал жаңбыр десе аза-бойы тік тұрады, жаңбыр жаумаса деп тілейді. Үйдің төбесінен тамшы сорғалағанда кірерге тесік таппай қиналады. Екі тізесін құшақтап, жаңбыр басыланша бір бұрышта бүрісіп отырғаны. Жаңбырдың қырсығынан су болған жыңғыл бұтақтары да тұтанбайды. Ойы сан-саққа жүгіреді, мұржадан түтін шықпаған соң жұрт Тілепбайдың шаруасы біткен екен деп бетін сипамаса, не қылын?!

Өскенбай Тілепбаймен ауыз ұшымен амандасты да, шұғыл шаруаға кірісті. Қамыстан тұрғызылған тоқал там не тәйірі, әп-сәтте төбесін аударып тастады. Жігіттері де жалаңдаған сайыпқыран, тау қопаруға таптырмайтын-ақ жүрек жұтқандар. Бірі қамыспен бастырылған төбеге цемент құйып жатса, екіншілері машина қорыбынан шифер түсіреді. Беліне дейін шешініп алғандардың білем-білем бұлшық еттеріне Тілепбай да көзінін астымен қызыға қарайды. Тоқал тамның қожайыны қою шаңнан бетін көлегейлеп, үйден әлдебір жеңіл-желпі заттарды сыртқа тасымалдағаны болмаса, мына дүбірдің неден пайда болғанын түсіне алмай дал. Өскенбайға не десін, ары-бері топшылағанда тапқан «олжасы» мынау: «Сірә, ауылға жоғарыдан бір дөкей келетін болған ғой. Ауыл-аймақты аралайтын шығар, сонда «мына үйде кім тұрады» деп Тілепбайдың тоқал тамына бұрылса, ізне ерген жергілікті ақим-қаралар қысылғаннан жерге кірмей ме?! Меілі, себеппен үйдің төбесі жабылды. Енді жауам деген жаңбыры жауа берсін!..»

Ертеңінде аспанның түбі тесілгендей, нөсерлетіп жаңбыр жауды. Аптап ыстықтың беті қайтты. Екі көшенің балалары тартылған теңіз табанындағы алаңқайда доп қуып, футбол ойнап жүр.

Қуаныш ЖИЕНБАЙ

Меншік иесі: «Сан-Ай» пресс ЖШС

**Директор-Редактор
Егиншibaева Анар
Жақсыбекқызы**

**Ақылдастар алқасы:
Әбілбай Садықбаев
Данияр Сұлтанбеков
Рысбай Кәрімов**

**Жауапты хатшы
Зибаш ӘЛИ
8 705 982 76 61**

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінде қайта тіркеліп, 2021 жылдың 28 сәуір айында есепке алу туралы № KZ36VPY00035077 күйілігі берілген.

Республикалық «Ел тілегі» тәуелсіз ақпараттық, танымдық, қоғамдық-саяси газеті КР СТ ИСО 9001-2016 «Саяси менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған

Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №8729 – ғ, 19.10.2007 ж

**Редакцияның
мекен-жайы:
Тоқмағанбетов**

көшесі 36 а,
1 қабат 4 кабинет
Телефон:
8 777 752 54 63

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «PRINT» баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Байтұрсынов көшесі, 49 үй. Телефон: 27-61-62
Газеттің басылу сапасына жауапты «PRINT» баспаханасы.

Газет әр аптаның сәрсенбі күні жарық көреді

Газетті тасымалдауға «Сан-Ай» пресс ЖШС Тел: 27-85-75 және «Қазпошта» АҚ Қызылорда облыстық филиалы жауапты
Тел: 23-54-91

Қолжазба өңделеді және авторға қайтарылмайды
Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді
Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясын мен фактілерін үшін редакция жауап бермейді

**Таралымы 9726 жана
Индекс 66503
Тапсырыс №114**

**E-mail: gazeta_eltilegi@mail.ru
Электронды нұсқасы:
https://ret-gazeta.kz/**